

"2009 жылы ауданда ақылы қоғамдық жұмысты ұйымдастыру туралы" 2009 жылғы 25 наурыздағы N 3 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 5 маусымдағы N 49 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай ауданындағы Әділет басқармасында 2009 жылғы 15 шілдеде N 5-5-93 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімі аппаратының 2010 жылғы 11 қаңтардағы № 5 хатымен

Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Шығыс қазақстан облысы Абай ауданы әкімі аппаратының 2010.01.11 № 5 хатымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31 бабының I тармағының 13-тармақшасына, 37 бабының 8 тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы № 149 санды Заңының 5-бабының 2 тармағына, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 22 мамырдағы № 75 санды «Шығыс Қазақстан облысы тұрғындарының нысаналы топтарға жататын адамдарының қосымша тізбесі туралы» қаулысын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2009 жылғы 25 наурыздағы № 3 санды «2009 жылы ауданда ақылы қоғамдық жұмысты ұйымдастыру туралы» (Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-5-90 нөмерімен 2009 жылдың 28 сәуірінде тіркелген, «Абай елі» газетінде 2009 жылдың 15-31 мамырында № 10 (068) нөмерінде жарияланған) қаулысы осы қаулының қосымшасымен **т о л ы қ т ы р ы л с ы н .**

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Н. Жүнісжановқа **ж ү к т е л с і н .**

3. Қаулы ресми жарияланған соң 10 күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

Е. СҮЛЕЙМЕН

А б а й а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
5 м а у с ы м 2 0 0 9 ж ы л ғ ы

ҚОСЫМШАСЫ

Абай ауданы тұрғындарының нысаналы топтарға жататын адамдардың тізбесі:

1. Табысы аз адамдар;
2. Жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
3. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата - ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
4. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата - аналар;
5. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
6. Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
7. Мүгедектер;
8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
9. Бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
10. Оралмандар;
11. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
12. Жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады.
13. Мектептер мен кәсіптік оқу мекемелерінің түлектері;
14. Өндірісті ұйымдастырудың өзгеруіне, соның ішінде қайта ұйымдастыру және (немесе) жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты толық емес жұмыс күні режимінде жұмыс істейтіндер;
15. Еңбек ақысы сақталмайтын демалыстағы адамдар;
16. Жазғы оқу демалысы уақытындағы студенттер;
17. Елу жастан асқан әйелдер;
18. 55 жастан асқан азаматтар;
19. Ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар.

